

«Қарлығаш» бөбекжай - бақшасы

«Жаңа жылдық ертегі»

/ертеңгілік/

Тәрбиешілер: А.Бегманова
Ұ.Тұрғанова
Қ.Қалдыбаева
С.Шилібекова

2024 – 2025 оқу жылы



Тақырыбы «Жаңа жылдық ертегі»

Мақсаты: балаларға жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру. Мерекелік көңіл үй сыйлау. Мерекеде өзін еркін ұстай білуге тәрбиелеу. Идира әсемдігін, қыс келбетін сезіну, әсер алу қабілеттерін жетілдіру. Аяз Ата сыйлық беретінін айтып, балаларды қуанышқа бөлеу.

Жүргізуші:

Жаңа жыл – жаңа қадам, жаңа бағыт,
Болашақ сыйлайтындай жаңа бақыт.
Жақсылықтың белгісі, жаңа уақыт,
Келіп, міне, жатырмыз, қауқылдасып...
Бірге соғып бар әлемнің сағаттары,
Он екіні күтер, қалмай, тағаттар,
Ғасырдың он екінші жылы келді,
Құстай ұшып, қырау шалған қанаттары!
Құтты болсын Жаңа жыл, барша қауым,
Құтқа орансын кең байтақ дархан елім.
Қазақтың пейіліне тарту етсін,
Табиғат ашық аспан, таң шапағын!
Жаңа жылдық тілегімен ортаға бабақшамыздың меңгерушісі Индира апайымызды ортаға шақырамыз.

Ән: «Аққала» Асылай

Тақпақтар.

Сафия. Қараңдар мынау шыршаға

Неткен ісем көрікті
Жаңа жылдық думанға
Аяз ата келіпті.

Аруна. Жаңа жылды қарсы алып,
Жасаймыз той жылда біз.
Жарқын жарқын ән салып,
Жалғасады жылға жыл.

Айзере. Ақ қырауға малынған,
Сақалы да, мұрты да.
Аяз ата сағынған.
Сәлем берді жұртына.

Д.Айкөркем. Жасыл желек жамылған
Асыл моншақ тағынған
Міне сұлу шыршамыз
Көптен күтіп сағынған.

Аңсар. Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оралып.

Ержігіт. Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген
Қандай жақсы шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз.

Айда. Далада қар борайды
Ақ мамыққа орайды
Мұз болады қатады
Жып-жылтыр боп жатады.

Би «Шырша жыры» МАД тобы (қыздар)

Ұлу: Ой, бұл не шу өзі? Сендер демде қалай жиналып алғансыңдар? Мен үлгермей қалдымғой! (*басын ұстап мұңайып қалады*)

Жүргізуші: Сәлем, Ұлу! Сен дәл уақытыңда келдің, біздің мерекеміз енді ғана басталып жатыр. Кел, барлығымыз бірге ән шырқап, көңілімізді көтеріп алайық.

Ән: «Шыршаға бардық» Серікқазы Ұлпан

Би «Медуза» ересек топ

Әуен

/Баяу ән қосылып, балалар қол бұлғап Ұлуды шығарып салады/

Жансері. Жаңа жылым мол болсын

Басқан қадам оң болсын

Төрле төрле жаңа жыл

Бізге қуатты жыл болсын

Айлин. Келіндер, келіндер

Тақпақ айтып беріндер

Жомарт Аяз атадан

Сыйлық алып көріндер.

Райымбек. Аяз ата келіп тұр

Бізге сәлем беріп тұр

Такпақ айтқан балдарға

Сыйлықтарын беріп тұр.

Ерсұлтан. Ақ қарға оранып

Түледі дала бұл

Қаңтармен қол алып,

Келеді жаңа жыл.

Е.Айкөркем. Қыстың күні көңілді,

Көп қызықты көреміз.

Шығып алып далаға

Сырғанақты тебеміз.

Нұрай. Бізбен бірге ойнайды,

Жаңа жылды тойлайды.

Барлық бала бақытты,

Болса екен деп ойлайды.

Би «Заманауи» ұлдар МАД тобы

Жүргізуші: Міне балалар, ескі жылменде қоштастық. Енді жаңа жылды қарсы алайық.

Әуен жылан

Жүргізуші: Жаңа жыл сен енді бізбен бірге бір жыл бірге боласың, кел бізбен бірге балалардың өнерін тамашала.

Амира. Аяз ата келіп тұр,

Бізге сәлем беріп тұр.

Такпақ айтқан балдарға

Сыйлықтарын беріп тұр.

Нүрәли. Аппақ тонға оранып,

Базарлықты мол алып.

Келді алыс сапардан,

Аяз ата оралып.

Асылай. Безендіріп шыршаны

Жыл қуантты баршаны.

Той-маскарад басталды,

Аяз оны баскарды.

Балкерім. Жылдың әнін бастайын,

Аяз- Ата кеп қалды.
Майысады жас қайың,
Көтере алмай көп қарды.

Мариям. Аяз ата келіп тұр,
Бізге сәлем бері тұр.
Сақалының ұзын – ай,
Кесіп алсам шіркін-ай.

Ернар. Шыршамызға шам жағып,
Қараймыз біз тамсанып.
Би билейміз, ән салып,
Барлық бала қуанып!

Би: «Жаңа жыл шамдары» (қыздар) ересек топ

Осы кезде көңілді әуен қосылып қоян ішке кіреді.

Қоян: Сәлеметсіңде ме балалар! Орманда жалғыз өзіме ойнаған қызық емес екен, оданда сендермен бірге көңіл көтерейін. Оо, қандай керемет шырша, жақсы болды ғой жаңа жыл мерекесін сендермен бірге өткізетін болдым.
(деп риза болып қалады).

/Осы кезде аю кіреді, қолында шыршаны ұрлап бара жатады./

Аю: Ой, ой, ой мен қайда кіріп кеттім. Бұл жер неткен әдемі.

Қоян: Тоқташы Аю жан, сен не бүлдіріп жүрсің мұнда? Қолындағы шыршаны қайдан алдың?

Аю: Ой, ұсталып қалдым ғой. Сенің де көрмейтінің жоқ екен. Балалар, түсініңдерші маған бұл шырша өте қажет болып тұр. Мен оны орманнан жұлып алдым. Мен шыршаны өте жақсы көремін.

Қоян: Шыршаны жақсы көргенің дұрыс, бірақ оны жұлуға болмайды ғой, ол солып қалады ғой. Біз саған бір кеңес айтайық, шыршаны жақсы көрсең оны өзіңнің үйіңнің алдына жерге егіп қой, сонда сен оны жыл сайын мерекеде қалағаныңша безендіріп тұрасың. Ал қазір екеуіміз бірге ойынды тамашалайық.

Ойын: «Кім жылдам?»

Ойын шарты: Екі ата-ана шығып, шарды жерге түсірмей, берілген киімді жылдам кию (қалпақ, шарф, куртка)

Би. «Аяз ата» ұлдар ересек топ

Аю: Менің қолымдағы шырша енді олай әдемі бола алмайтын болды, себебі мен оны өскен жерінен жұлып алдым. Мен, үлкен қателік жасаппын, ұялып тұрмын (бетін басып ұялады). Ертерек үйіме қайтайын шыршаны есік алдына егіп қояйын. Сау болыңдар, балалар!

Қоян: Жүр мен саған шыршаны егуге көмектесейін. (бірге шығып кетеді)

Жүргізуші: Балалар мерекеміз қызықты болу үшін ортамызда кімдер жетіспейді?

Балалар. Аяз ата ақшақар.

Жүргізуші. Әрине олай болса бәріміз бірге шақырайық келіп қалар.

Балалар. Аяз ата, ақшақар (осы кезде залға аяз ата мен ақшақар кіреді)

Аяз ата. Аяулы ата-аналар, ардақты ұл қыздар,

Бүлдіршін балаларға бір сәлем!

Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем жырларың.

Асулармен алысқан,

Аталарың сендерге
Шаршап келді алыстан.

Ақшақар. Сәлеметсіңдер ме балалар, қонақтар! Мен ақшақармын сендерге қысқы ертегіден келдім. Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

Жүргізуші: Қош келдіңіздер Аяз ата, Ақшақар! Біздің балалардың мерекелік өнерін тамашалаңыздар.

Ақшақар. Менің де сіздерге арнаған әнім бар.

Ән «Шырша жыры» Айкөркем

Тақпақ

Абдурахим. Жүзімізде күлкі ойнап,
Қанаттанды жанымыз
Жаңа жылды біз тойлап,
Шаттанамыз, бәріміз!

Е.Айсезім. Дала нұр, қала нұр
Құтты болсын, жаңа жыл!
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр!

Ақберен. Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген
Қандай жақсы шыршамыз
Ән шырқайық, баршамыз!

Ұлпан. Жылдың әнін бастайын,
Аяз- Ата кеп қалды.
Майысады жас қайың,
Көтере алмай көп қарды.

Нарұл. Оралдың өлкеме,
Жаңа жыл армысың.
Оранды ақ көрпеге,
Асқартау, қарлы шың.

Айлин. Жаңа жылым мол болсын
Басқан қадам оң болсын
Төрле, төрле жаңа жыл
Бізге құтты жол болсын.

Би. «Заманауи» қыздар МАД тобы

Хор «Жаңа жыл» МАД тобы

Аяз ата. Жарайсыңдар, балалар! Барлығың өнерлі екенсіңдер. Киген киімдерің қандай әдемі. Ататалырыңды бір қуанттыңдар. Ақшақар қызым маған көмектес балаларға әкелген сыйлығымызды таратайық (сыйлық беру).


Жүргізуші: Осы жыл барлық отбасыларымызға бақыт пен шаттық әкелсін. Еңбектеріңіз жемісті болсын. Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған шақта болайық. Жаңа жыл құтты болсын! Келесі кездескенше сау – саламатта болыңыздар!

«Жаңа жылдық ертегі» атты жаңа жылды қарсы алу кешінің анықтамасы

Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжай - бақшасында 2024 жылдың 27 желтоқсаны күні ересек және МАД топ балаларының дайындаған «Жаңа жылдық ертегі» атты Жаңа 2025 жылды қарсы алу кеші өткізілді. Ұжым қызметкерлері Қоян, Аю образдарында шығып, балаларға ертегі қойып берді. Ескі Ұлу жылын шығарып салып, жаңа Жылан жылын күтіп алды. Кеш Жаңа жылдық қойылым болып қызықты өтті. Қойылым ортасында балалар да өз өнерлерін көрсетті. Аяз ата мен Ақшақарға арнаған ән – жырларын айтып, билерін ортаға салды. Түрлі маскарадтық киімде шыққан балалардың әрбірі кештің көркін аша түсті. Балаларға мерекелік көңіл – күй сыйлаған ұжым қызметкерлеріне ата – аналар риза болып, алғыстарын айтты. Кештің соңында Аяз ата арқалай келген қапшығындағы сыйлықтарын үлестіріп, бүлдіршіндерді қуаныш сыйлады.

Қорытынды: ертеңгіліктің басынан аяғына дейін тиянақты әрі қызықты қойылым болып өткізілді. Балалар да толық қамтылған.

Ұсыныс: ертеңгілікке ата – аналарды қатысуға үгіттеу.

Әдіскер:  А. Мақұлбекова